


# Біздің мамандық



Дефектолог



# Дефектология деген не?



► Дефектология (лат. defectus – жетімсіздік және гр. λόγος – ілім) – педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы.



# Дефектолог деген кім?



- ▶ Дефектолог – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып, тәрбиелейтін төрт салалы, сауабы мол мамандық. Қазіргі таңда жас мамандықтардың бірі. Сұранысқа ие, сол себепті қарқынды дамып келе жатқан мамандық.
- ▶ Бұл саладағы зерттеу нұсқасы мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни тәрбиелеуі қиын (аномальді) балалар. Олармен жұмыс істеу өте қызықты, сонымен қатар аса жауапкершілікті, шыдамдылықты талап етеді.

# Дефектологияның қандай салалары бар?





# Дефектология

Тифлопедагогика

Сурдопедагогика

Олигофренопедагогика

Логопедия



**Тифлопедагогика  
ол қандай  
сала?**



► **Тифлопедагогика (гр. typhlos – соқыр және педагогика) – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы.**



- Тифлопедагогика мамандандырылуын сіз тек Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогика Университетінің «Педагогика және Психология» институтының, «Арнайы білім беру» кафедрадан оқи аласыз. Ерекше, әрі қызықты мамандық. Және 2 мамандық, яғни, осы мамандандырылуға қоса «Әлеуметтік педагог» деген мамандық алып шыға аласыз. Сондықтан қазіргі таңда бұл мамандық сұранысқа аса ие деп айта аламыз.



# Қайда жұмыс жасауға болады?



<http://zarabotok.net>

► Оқу орнын бітіріп, маман атанғаннан соң сіз

Қазақстан Республикасы бойынша

(қалаларда, облыстарда) орналасқан көру қабілеті

зақымдалған (нашар көретін және мүлдем

көрмейтін) оқушыларға арналған мектеп -

интернаттарында жұмыс жасай аласыз. Оған қоса

екінші мамандық, яғни «Әлеуметтік педагог» болып

жалпы мектептерде немесе мектеп –

интернаттарына орналаса аласыз.




# Сурдопедагогика



Жоғарыда аталып өткендей, «сурдопедагогика» дефектология мамандығының екінші бір саласы болып табылады. Өзіндік маңызы, ерекшелігі бар сурдопедагогикаға қызығушылық танытатын адамдардың қатары қазіргі таңда көбеюде. Неліктен бұл мамандандырылуға көңіл аудара түсетінін сіздің де білгіңіз келеді ме?



Менің мамандығым— ерекше, аяқталмайтын балалық шақ секілді, сиқырға ұқсайды. Өйткені сурдопедагог «Ерекше» балаларға көмектесе алатын жағдайда. Ол баланың ерекшелігін, таным және басқа процесстерінің дамуының жағдайын ескере отырып білім беру бағдарламасын балаға жеткізе алады. Сурдопедагогика мамандығын тандай отырып, біз оларға көмектесе аламыз!



# ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА СУРДОПЕДАГОГ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ ҚАЙ ЖЕРДЕ КӨМЕКТЕСЕ АЛАТЫНЫН БІЛГІҢ КЕЛЕ МЕ?



## Сурдопедагог жұмысының мақсаты

- Есту қабілеті зақымдалған балалардың ауызша сөйлеу тілін қабылдау(естіп- көріп және естіп қабылдау арқылы) мен қайта жаңғырту дағдыларын қалыптастыру;
- Сөйлеу тілінің сөздік қорын қалыптастыру (сөйлеу кезінде,оқу,жазу,естіп-көріп қабылдау,есту кезінде);
- Қарапайым математикалық т.үсініктер мен психикалық процесстерінің барлық жақтарының дамуын қалыптастыру;

## ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

ЕСТІМЕЙТІНДЕР

- Туғаннан немесе ерте жаста есту қабілетін жоғалтуына байланысты өздігінен сөйлеу тілін меңгере алмайтын балалар.

Нашар  
естітіндер

- Есту қабілетінің төмендеуі, соның негізінде өздігінен сөйлеу тілін меңгере алатын балалар. Бұл есту қабілеті 20 -75 дБ аралығында төмендеген балалар.



# **ЕСТІМЕЙТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

## **I типтегі мектеп**

**Оқытуды  
сурдопедагог  
жүргізеді**

**Оқыту  
мерзімінің  
ұлғаюы**

**Естіп  
қабылдауын  
дамытуға  
бағытталған  
сабақтар**

**Дыбысты дұрыс  
айтуға  
бағытталған  
сабақтар**

**Әлеуметтік  
бағдарлануға  
бағытталған  
сабақтар**

**Сөйлеу тілінің  
спецификалық  
жақтарын  
калыптастыру: жестті  
қ, дактильдік  
тіл, еріннен оқыту.**

# **НАШАР ЕСТІТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

## **II типтегі мектеп**

**Оқытуды  
сурдопедагог  
жүргізеді**

**Оқыту  
мерзімінің  
ұлғаюы**

**Дыбысты дұрыс  
айтуға бағытталған  
логопедиялық  
сабақтар**

**Фронтальды  
сабақтарға  
арналған  
микрофонды  
сыныптар**

**Жеке аудио  
құралдарды  
пайдалану**

**Сөйлеу тіліне  
оқытудың арнайы  
жүйесін,еріннен  
оқытуы пайдалану**

# Сурдопедагогтар жұмыс жасай алатын білім беру мекемелері

1. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған аралас түрдегі бала бақшалар.
2. Аралас түрдегі бала бақшалар.
3. Жалпыдамытушылық түрдегі бала бақшалар.
4. Естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған балаларға арналған мектепке дейінгі топтар, арнайы мектеп (коррекциялық) бөлімдері, мектеп-интернаттары.
5. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған арнайы білім беру мекемелері.
6. Сурдологиялық орталықтар және кабинеттер.
7. Кеңес беру және диагностикалау орталықтары, ПМПК.

Сурдо-  
педагогика

Сурдо-  
психология

Естіп  
қабылдауы  
ын дамыту

Дұрыс  
айтуын  
қалыптастыру



Арнайы педагогика кафедрасы болашақ мамандарды дайындауда студенттердің тәжірибелік қабілеттерін, өздік жұмыстарын, ғылыми зерттеу жұмыстарын интерактивті технология негізінде жасауға сүйенеді:

**Microsoft Office, QuizMaker, HyperCam, Case study, Brainstorm , метод проектов и др.**



# Дефектологияның тағы бір саласы - логопедия


Логопедия дегеніміз – сөйлеу тілінің кемістіктерін, оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын, сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп, жоюдың тәсілдерін зерттейтін арнайы педагогикалық ғылым.

## Логопед маман дегеніміз кім?

Логопед – балалар мен ересектердің сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтаумен, жоюмен және алдын алумен айналысатын түзетуші педагог.



Егер сіз  
**логопедия**  
мамандандыры  
луы бойынша  
білім алсаңыз



логопед маманы болып



қосымша күрделі тіл  
кемістігі бар балаларға  
арналған мектепте  
бастауыш сынып мұғалімі  
мамандығын алып  
шығасыз

**Бұл мамандықты  
бітіргеннен кейін, сіз  
қандай мекемелерде  
жұмыс жасай аласыз?**



Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға арналған мектепке дейінгі мекемеде және арнайы мектептерде;

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектепке дейінгі мекемеде және арнайы мектептерде;

Зияты зақымдалған балаларға арналған мектепке дейінгі мекемеде және арнайы мектептерде;

Жалпы білім беретін мектепке дейінгі мекемеде және мектептерде логопедиялық пунктте;

Денсаулық сақтау ұйымдарында (емханалар);

Оңалту орталықтарында;

ПМПК (педагогикалық-медициналық – психологиялық кеңес) орталығында;

Диагностикалық орталықтарда.

# Олигофренопедагогика - зияты зақымдалған балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы ғылым.





# Зият зақымдалуының классификациясы

F 70 IQ 50-69

Жеңіл  
зақымдалған

F 71 IQ 35-40

Орташа  
зақымдалған

F 72 IQ 20-34

Ауыр  
зақымдалған

F 73 IQ 20

Терең  
зақымдалған



*Егер мүмкіндігі шектеулі балаларға, көмекке зәру жандарға қол ұшын созып, жақсылық жасап, осы бір әркетіңізден сауап, өмірден сабақ алғыңыз келсе, сіздерді осы бір қиыншылығы мен қызығы қатар жүретін мамандық бойынша білім алуға шықырамын.*



# Іс-тәжірибеден өту барысымыз



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**

Біз сіздерді күтеміз!!!!